

**МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ**

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев  
Парламент палаталарының бірлескен отыры-  
сында Қазақстан халқына жыл сайынғы жол-  
дауын жолдады. Бүгінгі таңда Қазақстан  
әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену тура-  
лы жаңа мақсат қойып отыр.**

Біздің міндеттеріміз Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясынан, «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жаңа экономикалық саясатынан және 5 институционалдық реформалар бағдарламасынан тұрады. Бұл құжаттардың мәні елдің экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуының тұрақты динамикасын қамтамасыз ету болып табылады.

«2020 жылдан бастап 600 мыңнан астам педагог пен дәрігердің, әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өсті. Бірақ, бюджеттен қаржыландырылатын өзге сала азаматтары бұдан тыс қалды. Олар - музей қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілері және басқалары. 2022 жылдан 2025 жылға дейін осы санаттағы қызметкерлердің жалақысы жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсетін болады. Тағы 600 мың отандасымыз бұл бастаманың игілігін көреді», - деді президент.

«Қазақстан-2050» стратегиясы бәсекеге қабілетті экономика мен әлеуметтік әділеттілікке негізделген қоғамды құруға бағытталған, ол барлық өнеркәсіптік және ауылшаруашылық әлеуетті жаңартуды, инновациялық технологияларды енгізуді, адами капиталды дамытуды, қоғамның бірлігін қамтамасыз ететін құжат. Стратегияның идеологиялық өзегі - бұл азаматтық теңдікті, еңбексүйгіштікті, ғылым мен білімге жақын болуды, толеранттылықты, патриотизмді білдіретін Нұрсұлтан Назарбаев тұжырымдаған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы.

«Қазақстанның басты байлығы - еліміздің амандығы» деген президент ең төменгі

жалақы мөлшерін 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 42 500 теңгеден 60000 теңгеге өсіруді тапсырды. «Ең төменгі жалақы мөлшерін қарастыратын уақыт келді. Ол 2018 жылдан бастап өспеді. Коронадағдарыс халықтың табысына салмақ түсіруде. Біз ең төменгі жалақы мөлшері бойынша бірқатар ТМД елдерінен артта қалдық. 2022 жылдың 1 қаңтарынан ең төменгі жалақы мөлшерін 42 500 теңгеден 60 000 теңгеге өсіруді тапсырамын», - деді президент.

Қазақстан Республикасы үшін Қытай Халық Республикасы ұсынып отырған Ұлы Жібек жолының экономикалық белдеуі Жобасы да маңызды, өйткені Қазақстан, Еуразия құрлығының орталығында тиімді геостратегиялық жағдайды иеленген, әлемдегі ашық теңізге шығуға мүмкіндігі жоқ мемлекет. Қытай тарапынан ұсынылып отырған Жоба Батыс пен Шығысты, Еуразия құрлығының солтүстігі мен оңтүстігін жалғайтын транзиттік аумақ ретіндегі стратегиялық ағдайды нығайту тұрғысынан ерекше маңызды. Отын-энергетика саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстанның экономикалық әлеуетін дамыту үшін үлкен маңызға ие. Біздің еліміз INOGATE жобаларына (мұнай мен газды Еуропаға мемлекетаралық тасымалдау) белсенді қатысады.

**Ж.ОРЫНТАЕВ,  
з.ғ.к., профессор  
М.МАМАЕВА,  
з.ғ.м., аға оқытушы  
Г.АТАЛЫКОВА,  
ғ.м., аға оқытушы  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ «Заң» факультеті  
«Азаматтық құқық  
және азаматтық  
іс жүргізу»  
кафедрасы**